

С 14 АПРЕЛЯ 2025 ГОДА ВО ВСЕХ РЕГИОНАХ СТРАНЫ НАЧАТЫ РАБОТЫ ПО МОДЕРНИЗАЦИИ И РЕКОНСТРУКЦИИ 125 ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ВОКЗАЛОВ. ОНА ВКЛЮЧАЕТ ВОССТАНОВЛЕНИЕ И ОБНОВЛЕНИЕ ЗДАНИЙ ВОКЗАЛОВ И ПРИВОКЗАЛЬНЫХ ТЕРРИТОРИЙ, ЗАМЕНУ ИНЖЕНЕРНЫХ СИСТЕМ. ПОСЛЕ ЗАВЕРШЕНИЯ РАБОТ УВЕЛИЧИТСЯ ПРОПУСКНАЯ СПОСОБНОСТЬ, ПОЯВЯТСЯ СОВРЕМЕННЫЕ ЗАЛЫ ОЖИДАНИЯ, ВЫСОКОСКОРОСТНОЙ ИНТЕРНЕТ, ИНФОРМАЦИОННЫЕ СИСТЕМЫ И СПЕЦИАЛЬНЫЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ СЕРВИСЫ.

Максат КАЛИАКПАРОВ,
вице-министр транспорта РК



№30 (3069)
22/04/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МАҢҒЫСТАУДА БОЛДЫ

Өткен аптада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Маңғыстау облысына барды. Мемлекет басшысы өңірдегі көлік-логистика инфрақұрылымының даму барысымен, Қазақстанның бірден-бір теңіз қақпасы Ақтау халықаралық теңіз портындағы жұмыстармен танысты.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Көлік министрлігінің мәлімдеуінше, бүгінгі таңда елдің транзиттік әлеуетін дамытуда маңызды рөл атқаратын логистикалық хабқа айналып отырған Ақтау теңіз портында көпмақсатты заманауи терминал Шығыс – Батыс, Солтүстік – Оңтүстік бағыттары бойынша тәулік бойы жүк тиеу мен түсіру қызметін ұсынады. Порттың халықаралық көлік дәліздерінің тоғысында орналасуы ұлттық және өңірлік логистиканы нығайтуда айрықша стратегиялық мәнге ие.

Президентке Маңғыстау облысының көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту перспективасы, соның ішінде еліміздің транзиттік әлеуетін кеңейту және порт қуатын жаңғырту жоспарлары баяндалды.

Көлік министрі Марат Қарабаев өңірде жалпы құны 1,9 триллион теңге болатын 24 инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылып жатқанын жеткізді. Былтыр Транскаспий халықаралық көлік дәлізі бойынша жүк тасымалы 62 пайызға өсіп, 4,5 миллион тоннаға жеткен. Аталған бағытпен 358 контейнерлік пойыз, 27 мың автокөлік жүк



тасымалдаған. Экспорт көлемі 3,2 миллион тоннаны құраған. 2028 жылға дейін бұл көрсеткішті 10 миллион тоннаға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Ақтауда контейнерлік хаб салынууда. Бұл жоба порттың жүк өткізу қабілетін 140 мыңнан 240 мың ЖФӨ-ге дейін ұлғайтады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Кендірлі курорты аймағынан сағатына 150 жолаушыны қабылдай алатын жаңа әуежай құрылысы басталды. Әуежай Кендірліні Алматы және Астана қалаларымен жалғайтын тұрақты әуе рейстерін ашу жоспарланған. Президент әуежай құрылысын тезірек аяқтауды тапсырды.

Бұдан бөлек, Орталық – Батыс және Бейнеу –

Сексеуіл секілді ауқымды жол құрылысы жобаларын жүзеге асыру көзделген. Соның нәтижесінде басты бағыттардағы логистиканы оңтайландырып, транзит және экспорт жүктерін тасымалдау шығындарын едәуір азайтуға мүмкіндік туады. Атап айтқанда, Астанадан Ақтауға дейінгі жол 800 шақырымға, ал Қорғастан Ақтауға дейінгі арақашықтық 900 шақырымға қысқарады.

Президенттің айтуынша, Қазақстанды Еуразияның көлік-логистика хабына айналдыру жолында Маңғыстаудың алатын орны ерекше. Сондықтан оның әлеуетін тиімді пайдалану қажет. Өйткені бұл міндеттің стратегиялық маңызы зор.

Суреттер www.akorda.kz сайтынан алынды

ПОКАЗАТЕЛИ РАСТУТ



В первом квартале 2025 года железнодорожным транспортом Казахстана перевезено 111,3 миллиона тонн грузов, что на 14,9% больше уровня января – марта 2024 года.

Грузооборот за этот период увеличился на 10,3% и достиг 83,7 миллиарда тонно-километров. Поездами за январь – март перевезено 4,7 миллиона пассажиров, при этом пассажирооборот составил 3,6 миллиарда пассажиро-километров. Эти показатели демонстрируют незначительное снижение, сообщили в Бюро национальной статистики.

Вместе с тем наблюдается значительный рост перевозок морским транспортом страны – на 56% по сравнению с первым кварталом прошлого года, до 1 020 тысяч тонн грузов. Грузооборот составил 478,4 миллиона тонно-километров, рост – на 21,4%.

Всими видами транспорта в Казахстане за январь – март перевезено 269,6 миллиона тонн грузов, что на 13,9% больше, чем в первом квартале 2024 года. На 14,3% вырос общий грузооборот – до 137,5 миллиарда тонно-километров.

Любовь РОББА

ИНВЕСТИЦИЙ ЖОБАЛАР ҚАРАЛДЫ



Үкіметте Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұмангариннің төрағалығымен экономикалық өсуді қамтамасыз ету жөніндегі штаб отырысы өтті.

Штаб отырысында автомобиль және теміржолдарды дамыту жөніндегі инвестициялық жобалар қаралды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ осы жылғы шілдеде екінші жолдардың құрылысы бойынша негізгі жұмысты аяқтап, ұзындығы 836 шақырым «Достық-Мойынты» учаскесі бойынша пойыз қозғалысын іске қосуды жоспарлап отыр. Іске асырылуы 3 жыл жүргізілген жобаның құны 542,8 млрд теңге. Сондай-ақ биыл негізгі жолының ұзындығы 75 шақырым болатын 123 шақырым «Алматы айналма жолы» т/ж желісінің құрылысы аяқталмақ. Жоба құны 151,7 млрд теңге.

Келесі жылы инвестиция көлемі 720,4 млрд теңгені құрайтын «Қызылжар-Мойынты» теміржол магистралінің құрылысын аяқтау мен «Алтынкөл-Жетіген» учаскесін жаңғырту (107,8 млрд теңге) жоспарлануда. Жұмыс жоспар бойынша жүргізілуде.

Штаб отырысының қорытындысында вице-премьер ұлттық компанияларға барлық инфрақұрылымдық жобаларды белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Мемлекеттік органдар жобаларды уақытылы іске асыруға кедергі келтіретін бюрократиялық кідірістерді шешу үшін тұрақты бақылау жүргізіп, толық жәрдем көрсетуі тиіс.

Ұлан ОРАЗ



Асқар ЖОЛДЫБАЕВ,
«Қазтеміртранс» АҚ –
Тасымалдауды қамтамасыз ету
департаментінің директоры:

ЖҮК ЖӨНЕЛТУШІЛЕРДІҢ ӨТІНІМІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ЛОКОМОТИВТЕР ЖЕТКІЛІКТІ. БІРҚАТАР СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ІСКЕ АСЫП, БҮГІНГІ ЖОБАЛАР ПАРКІ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЖАҢАРДЫ. 3 МЫҢ ЖҮК ВАГОНЫ САТЫП АЛЫНДЫ, ТАҒЫ 3 МЫҢ ВАГОН ЖӨНДЕУДЕН ӨТТІ. БАРЛЫҚ ВАГОН ПАРКІ КЕЛІСІЛГЕН ТАСЫМАЛДАУ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУ ҮШІН ЖЕТКІЛІКТІ ДЕП АЙТА АЛАМЫЗ. БҮГІН ЖҮК ЖӨНЕЛТУШІЛЕР МЕН ЖҮК ҚАБЫЛДАУШЫЛАРДЫҢ СҰРАҚТАРЫ ТЫҢДАЛДЫ. КЕДЕРГІЛЕРДІ ЖОЮ, ҚИЫНДЫҚТАРДЫ БОЛДЫРМАУ БАҒЫТЫНДА ЖҮМЫС ЖҮРІП ЖАТЫР, БІРНЕШЕ ЖОБА ЖОСПАРДА БАР

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ПО ИТОГАМ ПЕРВОГО КВАРТАЛА 2025 ГОДА ОБЪЕМ ПОГРУЗКИ КАМЕННОГО УГЛЯ НА СЕТИ ҚТЖ СОСТАВИЛ

26,7 млн тонн.

В ТЕКУЩЕМ ГОДУ ПЛАНИРУЕТСЯ ОБНОВИТЬ

1 480

КИЛОМЕТРОВ МАГИСТРАЛИ.

В МИНУВШЕМ ГОДУ СОТРУДНИКИ ВЖД СОПРОВОДИЛИ СВЫШЕ

525 тысяч

КОНТЕЙНЕРОВ ИЗ КИТАЯ В ЕВРОПУ, РОССИЮ, АЗИЮ И ДРУГИЕ РЕГИОНЫ.

Жоба

КЕСТЕДЕН БҰРЫН БІТЕДІ

Достық – Мойынты құрылысы тоқсан пайыз бітті деуге болады. Аталған теміржол учаскесінде екінші жол салу – Қытай бағытында қазақстандық экспорт пен транзит үшін қосымша мүмкіндіктер ашатын елдің маңызды инфрақұрылымдық жобаларының бірі болып табылады.

Нұрсая НҰРЛАНҚЫЗЫ,
Астана

Бүгінгі таңда аталған жоба бойынша негізгі жұмыстар 90% орындалды. Жасанды

құрылыстарды жүргізу аяқталуға жақын. Жоба бойынша 92 көпірден 90 көпірдің аралық құрылыстары орнатылды. Қазір 8 разъезд – Бескөл аралығындағы қалған екі көпірдің

тіректерін орнату жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ жоба аясында Сарықұм – Көкдомбақ, Көкдомбақ – Балқаш, Балқаш 1 – Балқаш 2, Балқаш 2 – Ортаде-

СОТРУДНИКИ ҚТЖ ПРОХОДЯТ ЗАРУБЕЖНУЮ СТАЖИРОВКУ

В рамках международной стипендии Болашак четверо инженерно-технических специалистов АО «НК «ҚТЖ» успешно прошли отбор и направлены на зарубежные стажировки.

Алуа ТЛЕУБАЙ,
Астана

Из более чем 300 претендентов были отобраны около 100 человек, и только немногие прошли все этапы. В результате при содействии ҚТЖ четверо сотрудника были направлены на стажировку: трое – в Великобританию, один – в США. Стажировка длится от трех до

шести месяцев. По ее завершению участники вернутся на работу в компанию и отработают не менее трех лет, как предусматривает соглашение. Проходящие стажировку делятся опытом и рассказывают о своих ощущениях вдали от родины.

– Программа открыта для всех инженерных работников независимо от возраста, специальности или профессионального опыта.

Здесь важны не регалии, а стремление расти и осваивать новое, – говорит менеджер сектора по организации взаимоотношений с международными организациями филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Главный вычислительный центр» Жанат Рахметов.

Образовательная модель, с которой участники столкнулись в Великобритании, резко отличается от привычной. Ста-

ЛОКОМОТИВЫ ГОТОВЯТ К ЛЕТУ



В АО «НК «ҚТЖ» стартовал весенний комиссионный осмотр локомотивного парка. Мероприятие необходимо для обеспечения надежной работы тягового подвижного состава в летний период.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Осмотр пройдет с 10 апреля по 31 мая 2025 года. В его рамках проверка подлежат свыше 1,5 тысячи локомотивов различных серий.

Локомотивные эксплуатационные дело, пункты технического обслуживания локомотивов и

локомотиворемонтные предприятия готовы к выполнению необходимых работ по переводу локомотивов на летний режим работы. Наряду с техническим осмотром техника приводится в надлежащее культурно-эстетическое состояние: локомотивные бригады красят кузова, обновляют рабочие места в кабинах машинистов. Особое внимание при

этом уделяется соблюдению требований техники безопасности и охраны труда. Все работы выполняются с применением средств индивидуальной защиты, что гарантирует безопасность персонала и качество выполняемых мероприятий.

Пристальное внимание также уделяется практически каждому элементу тягового подвижного состава. Специалисты оценивают



проходимость воздухопроводов систем вентиляции и параметры давления наддувочного воздуха тяговых двигателей. Осматривают кондиционеры в кабинах локомотивов и системы

пожарной сигнализации.

Весенний комиссионный осмотр – важный этап в обеспечении надежности и безопасности летних перевозок.

Фото Александра ЖАБЧУКА

КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРДІ

Ардақ УСЕЙІНОВА,
Жамбыл



ЭККУРСИЯ

Тараз қаласындағы №41 орта мектептің оқушылары «Қамқор Локомотив» ЖШС филиалының Тараз локомотив жөндеу депо-сына экскурсияға шығып, сала мамандарының жұмысымен танысты.



Бұл – Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжінің өндірістегі әлеуметтік әріптестерімен бірлескен жобасы. Мақсат – жас жеткіншектерге кәсіптік бағдар беру.

– Көбінде колледжге оқуға түсуге 9-сынып оқушылары келетіні белгілі. Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде кәсіптік-техникалық, жұмысшы мамандықтарға грант көп бөлінеді. Ал 9-сыныптан кейін грант иегері атануға мүмкіндік жоғары. Сондықтан біз жыл бойы мектептерді аралап, жас жеткіншектерге кәсіптік бағдар беріп отырамыз. Мектеп – колледж – жұмыс беруші: үшжақты келісім бойынша өндіріс орындарына экскурсия ұйымдастырамыз. Бүгінгі оқушы – ертеңгі колледж түлегі, болашақ теміржолшы, – дейді колледж директорының оқу-өндіріс жөніндегі орынбасары Жеңіс Тайбеков.

Жұмысшы мамандықтар жылы аясында бекітілген іс-шаралар жоспарына сай өткізілген танымдық сабаққа 9-сыныпта оқитын 20 оқушы қатысты. Экскурсия барысында жас жеткіншектер кәсіпорынның жұмысымен танысып, өндіріс саласындағы мамандықтар туралы мол мәлімет алды. Депо мамандары оларға өз мамандықтары туралы әңгімелеп, маңыздылығын түсіндірді.

Жалпы танымдық экскурсиялар оқушыларға болашақ кәсібін саналы түрде таңдауға көмектесетіні анық. Жасөспірімдерге еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтармен жақынырақ танысуға мүмкіндік туады.

Статистикаға сүйенсек, оқушылардың 70 пайызы мамандық таңдай алмайды екен. Ал болашақ бағытыңды айқындап, белгілі бір кәсіп иесі атану үшін келешекте қандай мамандарға сұраныс артатынын біліп алу артықтық етпейді.

Суретті түсірген автор

ҚАДАҒАЛАУСЫЗ ҚАЛДЫРМАУ ҚАЖЕТ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



ПРОФИЛАКТИКА

Жақында ғана бір топ жасөспірімнің пойызға жармасып мініп отырған видеосы тарап, біраз шу болған. Осындай әрекеттердің алдын алу бағытында 10 сәуірден 6 мамырға дейін «Жасөспірім» жедел профилактикалық іс-шарасы өтіп жатыр.

Түбектегі желілік полиция өкілдері де аталған шараның өз деңгейінде өтуіне ұйытқы болуда. Олар Маңғыстаудағы теміржол аумағында балалардың заңды өкілдерсіз жүруінің, өз өмірлеріне қауіп төндіретін әрекет істеуінің алдын алу жұмыстарын қолға алған. Желілік полиция бөлімі Әкімшілік полиция бөлімшесінің қызметкерлері № 2 мектеп оқушыларына профилактикалық жұмыстар жүргізді. Оқушылармен кездесуде олардың суық қару ұстамауы (кастет, пышақ, электрошокер, т.б заңға қайшы заттар) және түнгі уақытта ата-анасыз ұй-жайдан тыс жерлерде жүрмеуі, басқа да әкімшілік, қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы түсінік берді.

– Мұндағы басты мақсат – жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу және ескерту, соның ішінде білім беру ұйымдарының оқушылары арасындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу, кәмететке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау, қоғамдық орындарда және пойыздардағы бұзақылықтың, сондай-ақ балаларға қатысты қылмыстық қол сұғушылықтың алдын алу. Заң бойынша кәмететке толмаған жасөспірімдерге түнгі сағат 22:00-ден кейін компьютерлік клубтарда, ойын-сауық орындарында болуға және 23:00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынады. Ата-аналарға бейсауыт уақытта балаларды қадағалаусыз қалдырмауды сұраймыз, – дейді Маңғыстау станциясындағы ЖПБ ӘПБ инспекторы Әсем Тойлыбаева.

Мұндай профилактикалық іс-шара Сай-Өтес станциясында да өтті. Станциядағы ЖПБ басшысы Н.Рахметовтің хабарлауынша жергілікті полицейлер жолаушылар пойыздарында, вокзал және теміржолға жақын орналасқан аулалар мен көшелерде күшейтілген рейдтер жүргізуде.

Суретті түсірген автор

ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ



ЖОСПАР

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Солардың қатарында жарты ғасыр бұрын салынған Ақтөбе вокзалы да бар. Мердігер мекемелер бекітіліп, құрылыс басқармасы жұмысқа кірісті.

«Жұмыс бүгіннен басталады. Отыз шақты техникамызды әкелдік. Халыққа кедергі жасалмайды. Сонымен қатар қауіпсіздік шаралары да ескеріледі. Барлық жұмыстар пысықталды», – деді мердігер компания өкілі Ануар Талдықбаев.

Ақтөбе теміржол вокзалы 1976 жылы пайдалануға берілген. Соңғы рет 2013 жылы күрделі жөндеуден өтті. Мұнда күніне 20-ға жуық пойызды қабылдап, 5 мың жолаушыға қызмет көрсетеді.



«Вокзалдағы күрделі жөндеу жұмыстары вокзал жұмысына кедергі келтірмейді. Атқарылған жұмыстардың нәтижесін желтоқсан айында көреміз. Инженерлік желі де толық жаңартудан өтеді», – деді Ақтөбе теміржол

вокзалының басшысы Арсен Кенжин.

Ақтөбе вокзалының аумағы 7 мың шаршы метр. Жаңа жобаны таныстыру кезінде жыл соңына дейін теміржол вокзалының қасбеті жаңартылып,

қызмет көрсету орындары заманауи кейіпке ендіріледі. Жұмыстар жыл соңына дейін толық аяқталуы тиіс. Соның ішінде байланыс желісі жаңартылады. Пандустар, күту залы, өрт қауіпсіздігі, ана мен бала бөлмесі, бақылау камералары жаңаша сипат алады.

Ал вокзал алдын ретке келтіру, жол жөндеу жұмыстарын қалыпқа келтіру, жарықтандыру, демалыс алаңын ұйымдастыру жұмыстары жергілікті әкімдік тарапынан атқарылатыны айтылды.

Сонымен қатар Алға, Қандыағаш, Ембі, Қарауылкелді, Шұбаркұдық және бір ғасырлық тарихы бар Шалқар вокзалы күрделі жөндеуден өтеді.

Суретті түсірген автор

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕН ІЗДЕНІС ЖЕМІСІ



ӨНЕРТАБЫС

Шымкент теміржолында үздік өнертапқыштар марапатталды. Осы салада табанды еңбек етіп қана қоймай, жаңашыл ойларымен өндірісті дамытуға үлес қосып жүрген теміржолшылар ерекше құрметке бөленді.

Ұлан ОРАЗ,
Шымкент

Салтанатты жиынды Ләззат Жаримбетова жетекшілік ететін Шымкент магистральдық желі бөлімшесі Ғылыми-техникалық ақпараттық бөлімі ұйымдастырды. Үздік өнертапқыштарды құттықтаған Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің директоры Алғазын Қойлыбаев пен «Қазкөлікәсіп» ҚБ Шымкент филиалының төрайымы Нағима Салықбаева құттықтап, оларға тың творчестволық табыс тіледі.

– Темір жол – ел экономикасының күретамыры. Ал осы күретамырды үздіксіз, қауіпсіз әрі сапалы қызметпен қамтамасыз ету – үлкен жауапкершілік. Бұл жолда тек еңбекқорлық қана емес, жаңашылдық, ізденіс қажет, оны үздіксіз дамыту қа-

жет. Бүгін біз өз еңбегімен тың идеялары арқылы толағай табыстарға қол жеткізген теміржолшы рационализаторларды атап, оларға деген құрметіміз бен алғысымызды білдірмекпіз, – деді бөлімше директоры.

Шымкент теміржолы бойынша өткен 2024 жыл рацұсыныстар беруде табысты жыл болған. Жоспарда 21 рационализаторлық ұсыныс берілу керек болса, нақты жағдайда 25 ұсыныс берілген. Соның ішінде Шымкент ЖТ бөлімшесі тарапынан жоспарда 6 ұсыныс болса, нақты 7 ұсыныс болды. Ал Магистральдық желі бөлімшесінен 18 ұсыныс бойынша жоба жүзеге асырылды. Олар Шымкент теміржолындағы ШЧ, ӘЧ, ПЧ, ВЧД, ТЧ және вокзал шаруашылығы қызметкерлері арасынан шығып отыр. Бұл ұсыныстарды 16 теміржолшы өзінің ізденісі мен

тәжірибе-білімінің арқасында ойлап тапқан.

Айта кетерлігі, Шымкент магистральдық желі бөлімшесі директорының бірінші орынбасары Жомарт Мырзабеков жоспардың орындалуына үлкен үлес қосты. Ол бір өзі 3 рационализаторлық ұсыныс берген. Сонымен қатар Шымкент ЖТ бөлімшесі Қауіпсіздік қызметінің бастығы Ордабай Төлбасының ұсынысы тиімділігімен және маңыздылығымен ерекшеленді, ол «223 тоққабылдаушы» тумблеріне арналған сақтандырығыш қаптама» деп аталатын жобаның авторы ретінде көзге түсті.

Жиында Шымкент темір жолының абыройын қорғаған 16 өнертапқыштың аты аталып, талантты теміржолшылар Құрмет грамоталарымен марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды.

Суретті түсірген автор



Сұхбат

ҚАМҚОРЛЫҚТАН КЕНДЕ ЕМЕС

Кез келген қоғамда әлеуметтік мәселелер – адам өмірінің маңызды аспектісі. Жұмысшылардың еңбек жағдайы, қауіпсіздігі, денсаулығы, тұрмысы – бәрі де жан-жақты қамтамасыз етілуі шарт. Біз бүгін аймақ теміржолшыларының әлеуметтік мәселелері қалай шешілуде, қандай жағдай жасалуда деген сауалмен Атырау магистральдық желі бөлімшесі, персоналды басқару бөлімінің бастығы Анар Жалғасбаевамен аз-кем сұхбаттасқан едік.

– Анар Амантайқызы, әлеуметтік мәселе қай компанияның да өзекті, қазақша айтқанда «жанды жері». Жұмысшыға жағдай жасалса, еңбек өнімділігі де артады. Қазіргі уақытта өңір теміржолшыларының әлеуметтік жағдайы қалай, оған көңілдері тола ма? Жұмысқа алу тәртібі қалай, жалпы теміржолшыларға қандай жеңілдіктер жасалып жатыр?

– Жұмысшыға жағдай туғызу – әр кәсіпорынның әлеуметтік бағдарламасында бөлігленген бұлжымас қағидасы. Біздің бөлімше де соған сәйкес заң шеңберінде әрекет етеді. Бізде 2024 жылы 1 қаңтарда шпаттық кесте бойынша 2122 адам тіркелген, оның ішінде 65 адам басқару аппаратында жұмыс істейді. 2-ші және 3-ші топтағы мүгедектер саны 27 адамды құрайды. Қазір темір жолда жұмысқа орналасу деген қиын мәселе емес. Бүкіл ҚТЖ бойынша жұмыс істейтін job.railways.kz сайтына вакансиялар саламыз (көбіне орта буын мамандар), оған кез келген үміткер үйде отырып, не басқа қалада отырып-ақ өз түйіндемесін жібере алады, содан кейін тест келеді, вакансия үшін күн мерзімде сайтта тұрады, мүмкіндігінше ішкі кандидаттар қарастырылады, егер ол кандидат тест етмеліханыан өте алмаған жағдайда сыртқы

кандидаттардан іздейміз. Негізгі артықшылық – іштегі мамандардан таңдауға беріледі.

– Жұмысшылардың жалақы мөлшері өсті ме?

– «Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ филиалдарының жұмысшылары мен қызметкерлеріне еңбекақы төлеу схемаларына (4,5-қосымшаларға) сәйкес 01.01.2025 жылдан бастап 1 және 5 дәреже арасындағы «жұмысшылар» санатынан басқа барлық қызметкерлердің жалақысы 7%-ға артты. 1 және 5 дәреже арасындағы «жұмысшылар» санаты бойынша жалақы 8,5%-ға өсті. Біздің бөлімшеде оларға барлығы 69 бірлік кіреді. Сосын бұрын еңбек өтіліне орай берілетін сыйақы қалпына келтірілді деуге болады: Биылдан бастап «Теміржол саласында 10, 20, 30 жыл мінсіз қызметі үшін» берілетін қосымша ақы төлене бастады. Ол – «Теміржол саласында 10 жыл мінсіз қызметі үшін» – 100 000 теңге; 20 жыл – 200 000 теңге; 30 жыл – 300 000 теңге мөлшерін құрайды. ЕҚК (еңбекке қатысу коэффициенті) 2024 жылы ШЧ, ӘЧ, ВП, ПП, вокзал қызметкерлеріне – электромеханик, электромонтер, қалпына келтіру және өрт сөндіру пойызшының қызметкерлеріне және вокзал шаруашылығының қызметкерлеріне 10% мөлшерінде төленсе, 2025 жылдың



1 қаңтарынан бастап 15% болып көтерілді, яғни 5% өсті.

– Теміржолшылардың ерікті медициналық сақтандыру арқылы тегін медициналық көмек алуы қалай жүзеге асырылып отыр, арыз-шағым айтылып жатқан жоқ па?

– Бөлімшеде ерікті медициналық сақтандыру бойынша көптеген жұмыстар жүргізілді, өткен жылы 1678 адам, отбасы мүшесімен 2480 адам тіркелді. Атырау қаласында теміржолшыларды сақтандыру компаниясы болып «Архимедес» ЖШС бекітілді. Ал биыл ерікті сақтандыру бойынша өзгерістер енгізілді, қызметкер өзімен бірге 3 адамды тіркей алады, не күйеуін, әйелі не кәмететке толмаған балаларды, 75 жасқа дейінгі ата-анасын қосымша тіркей алады. Ал егер 75 жастан асқан болса, 30 мың

теңге жылына бір рет төлейді. Ал бауырлары міндетті құжаттарымен тіркеледі. Сақтандыру компаниясына жұмысшылар тарапынан шағым түскен жоқ. Қаралған адамдар ризашылықтарын білдіруде.

Сонымен қатар былтырғы жылы санаторлық-емдік шипажайда демалғандар саны 127 адамды құрады, оның 50-і зейнеткерлер. С.Сейфуллин шипажайында 77 адам демалса, қалғаны басқа санаторийлерге жолдамамен барды. Тағы бір жағымды жаңалық, бұрын осы шипажайға бару үшін еңбек өтілі барлық Ережелерде 5 жылдан жоғары болуы керектігі көрсетілген еді, ал биылдан бастап барлық шипажайға еңбек өтілі қаралмайтын болды. Сонымен қатар «Д» тіркеуде тұрған қызметкерлер медкомиссия арқылы шипажайға жолдама ала алады. Бұл – жаңа Ұжымдық шартқа енгізілген өзгеріс. Сондай-ақ бұрын сыйақы тек Теміржолшылар күні мен Туәлсіздік күніне берілетін, ал жаңа ұжымдық шартқа сәйкес биылдан бастап Наурыз мерекесі мен Республика күніне орай екі мейрам қосылып, 4 мемлекеттік мерекеді бюджеттің шеңберінде Компаниядан сыйақы берілетін болды. Қысқасы, біздің теміржолшылар қамқорлықтан кенде емес.

– Өңгіміңізге рахмет!
Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау

Инфраструктура СТАРТ ДАН

В торжественной обстановке на привокзальной площади города Уральска дан старт реконструкции четырех железнодорожных вокзалов Западно-Казахстанского региона.

Анна ПАНИЩЕВА,
Уральск

Как отметил в своем выступлении аким Западно-Казахстанской области Нариман Торегаалиев, во всех регионах Казахстана работы по модернизации и реконструкции 124 вокзалов начались с 14 апреля.

Модернизации и реконструкции подлежат станции Орал, Казахстан, Чингирлау и Семиглавы Мар.

Архитектурный облик зданий планируется привести в соответствие с современными требованиями. Также значительные изменения ждут и интерьеры вокзалов, они будут более функциональными, безопасными и комфортными, в том числе и для лиц с инвалидностью. Заказчиком проекта выступило АО «НК «ҚТЖ». Подрядчики определены на конкурсной основе из числа местных предприятий, зарекомендовавших себя как добросовестные поставщики услуг.

Площадь железнодорожного вокзала станции Орал составляет 5 716,1 квадратного метра, пропускная способность – 900 пассажиров в сутки. Он построен в 1983 году и требует модернизации, чтобы соответствовать современным требованиям. Это самый крупный объект данного проекта по Западно-Казахстанской области.

В райцентре Бурлинского района города Аксая, который является нефтяной столицей региона, железнодорожный вокзал станции Казахстан был построен в 1936 году. Вокзалы Орал и Казахстан планируется сдать в августе-сентябре 2025 года.

Вокзал станции Чингирлау построен в 1937 году. Это станция приграничная, к востоку от нее начинается Оренбургская область, Илецкий участок, соответственно, к ней особо строгие требования. Капитальный ремонт здесь был в 2009 году, нынче подрядчик обещает завершить работы к концу текущего года.



Самый старый вокзал – на станции Семиглавы Мар (Достык), построенный в 1916 году. К слову, и эта станция приграничная, расположена на западной окраине области. Само здание сохранилось хорошо, строили тогда на века, но оно тоже требует модернизации. Подрядчик также планирует сдать объект в эксплуатацию к концу 2025 года.

– Для работников данных станций на время строительных и прочих работ будут созданы все необходимые условия труда, обеспечена безопасность для пассажиров и движения поездов, – заверил замдиректора филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Актобинское отделение магистральной сети» по вокзальному хозяйству Орал Уксакабаев, проводивший презентацию проекта.

Фото автора

УМНАЯ СИСТЕМА В ПОМОЩЬ

На станции Жана Караганды внедрена умная система – громкоговорящее голосовое оповещение.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Оповещение происходит в том месте, где осуществляется проследование четных и нечетных поездов. Эта система называется оповещение монтеров пути. Она предназначена для работников смежных служб. Ранее от рационализаторов поступило предложение, которое было успешно внедрено в жизнь. В процессе работы монтеров пути на участке необходимо заранее знать о приближении поезда для того, чтобы они могли освободить путь. Особый риск может возникнуть при чрезвычайной ситуации во время работ на рельсовой местности с кривыми малого радиуса.



– Как известно, железная дорога и железнодорожный транспорт являются зоной повышенной опасности для пользователей услугами железнодорожного транспорта, занятых обслуживанием устройств инфра-

структуры. Случаи наезда подвижного состава на работников, выполняющих работы на путях, продолжают оставаться одним из наиболее частых видов несчастных случаев, в связи с этим необходимо применение голосового извещения, – говорит заместитель начальника станции Жана Караганды Кайрат Адамбеков. Ранее работников станции об опасности оповещала звуковая сирена.

Сегодня на станции трудятся более 70 человек. Работа стратегически важного узла совершенствуется с каждым днем. Здесь активно проводятся работы, связанные с погрузкой, выгрузкой, простоем вагонов, вагонооборотом.

Жана Караганды оснащена современным оборудованием – автоблокировкой, современной компьютерной техникой с программным обеспечением АСУСС и оптической линией связи, терминалом Экспресс-21, что позволяет осуществлять пропуск длинносоставных, тяжеловесных и высокоскоростных поездов.

Фото автора

НАДЕЖНОСТЬ, ПРОВЕРЕННАЯ ДЕЛОМ

За первый квартал текущего года в Шелекской дистанции электроснабжения успешно выполнен комплекс работ, направленный на повышение надежности устройств электроснабжения.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Проведены плановые осмотры, техническое обслуживание и модернизация оборудования. Особое внимание уделено участкам с повышенной нагрузкой и стратегически важным объектам. Проведено 15 километров текущего ремонта высоковольтных линий автоблокировки и продольного электроснабжения, усиление изоляции АБ и ПЭ линии электроснабжения, основания опор линии АБ и ПЭ, а также замена трансформаторов типа ОМ, ЗНОМ на линии АБ и ПЭ.

На балансе дистанции имеется 18 единиц автотехники, 1 автомотриса. Общая протяженность дистанции составляет 293,2 километра, имеется 15 раздельных пунктов, 29 переездов, устройства КТСМ – 12 единиц, 35 пунктов обогрева.

Стоит отметить, что предприятие является достаточно молодым, однако за короткий срок своего существования успело зарекомендовать себя с положительной стороны. За весь период работы не было зафиксировано ни сбоев, ни производственного брака. Это свидетельствует о высокой ответственности, профессионализме коллектива и грамотной

организации всех рабочих процессов.

В дистанции проводится большая, целенаправленная работа по усилению устройств электроснабжения и прогрессивных технологий. Особо это ощущается при модернизации, повышении энергоэффективности и замене старого электрооборудования на новое.

С электромеханиками дистанции на регулярной основе проводится отработка профессиональных навыков как в техническом классе, так и на учебном полигоне. Занятия включают теоретическую подготовку, разбор нестандартных ситуаций и практические тренировки по обслуживанию и ремонту оборудования.

– Безусловно, такой подход позволяет поддерживать высокий уровень квалификации персонала и обеспечивает готовность к выполнению задач любой сложности, – отмечает начальник Шелекской дистанции электроснабжения Серик Шайхманов.

ИНТЕРНЕТ БЕЗ «ТОРМОЗОВ» БУДЕТ НА ЗАЩИТЕ



Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Об этом стало известно на встрече руководителей и работников предприятий стальной магистрали с заместителем председателя правления АО «Транстелеком» Игорем Кудрявцевым, руководителем комитета цифровизации и IT-технологий Общественного совета ВКО Болатбеком Закимовым.

– На сегодняшний день один из наших основных учредителей – АО «НК «ҚТЖ», и наши корни здесь. Мы исторически, технологически, административно тесно связаны с железной дорогой. Поэтому позиционируем себя именно как компания, которая территориально расположена вдоль железной дороги и в первую очередь ориентируется на сотрудников АО «НК «ҚТЖ», потому что они находятся в зоне наших сетей, нашей работы, – заявил Игорь Кудрявцев.

Заместитель директора Семейского отделения грузовых перевозок по Оскеменскому региону Марат



Уалиев на встрече обратил внимание, что качество Интернета у многих живущих в микрорайоне Защита, а также некоторых населенных пунктах вблизи железной дороги все же оставляет желать лучшего: он постоянно виснет или связь обрывается. По словам начальника Защитинской дистанции сигнализации и связи Ришата Шалгынбаева, он 20 лет жил в микрорайоне Защита, и Интернет здесь явно слабоват. Его поддержали другие коллеги.

В связи с этим Игорь Кудрявцев предложил даже скорректировать

планы и нанести на карту адреса, где проживают сотрудники железной дороги, чтобы в первую очередь проложить оптоволоконные линии к ним.

По словам Игоря Кудрявцева, АО «Транстелеком» делает все возможное, но процесс модернизации не обходится без трудностей. Одной из проблем стала слабая обратная связь с КСК – компаниям трудно получить доступ к многоквартирным домам. Также многие столбы, принадлежащие отделу жилищно-коммунального хозяйства, по которым тянут оп-

товолоконно, находятся в плохом состоянии. Тем не менее работа продолжается: в приоритет ставятся участки с устаревшими и аварийными линиями, а также дома, где проживают сотрудники железной дороги, для которых стабильный Интернет особенно важен.

По информации управляющего директора филиала АО «Транстелеком» – «Өскементранстелеком» Талгата Азербаяева, в прошлом году в микрорайоне Защита были подключены к оптоволоконной технологии GPON три улицы – Радищева, Катонская и Катон-Карагайская. Первыми пользователями стали 36 абонентов, которые ощутили колоссальную разницу: скорость увеличилась с 5 Мбит/сек до 150-200 Мбит/сек.

– В этом году запланировано вложение инвестиций в модернизацию Интернета Защиты на 30 миллионов тенге. Планируем, если будет финансирование, то осенью у нас весь микрорайон перейдет на GPON, – говорит Талгат Азербаяев.

Общественный совет, местные активисты и представители оператора уверены: модернизация Интернета в Защите – это не только техническое улучшение, но и повышение качества жизни местного населения и, в частности, железнодорожников.

Фото автора

ВЕСЕННЯЯ ИНСПЕКЦИЯ

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Кокшетау



Весенний комиссионный осмотр объектов железнодорожной инфраструктуры стартовал в Акмолинском регионе.



В ходе традиционного мероприятия оценивается состояние путевого хозяйства и определения объема летних ремонтно-путевых работ, выявления случаев несоответствия требованиям нормативных документов с целью их оперативного устранения.

Осмотр начался 14 и завершится 28 апреля текущего года. В состав комиссии вошли директор филиала ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Саят Бекенов, а также руководство Акмолинского отделения магистральной сети, главный региональный ревизор и все причастные специалисты.

Особое внимание участники комиссии уделяют вопросам обеспечения охраны труда, безопасности движения поездов, санитарно-бытовым условиям труда, обеспеченности работников летней спецодеждой и бытовой техникой, а также социальной стабильности коллектива отделения.

К слову, на местах руководителями линейных предприятий разработан план-график по уборке закреплённых участков, полос отвода на перегонах. В целом в отделении проделана значительная работа по подготовке хозяйств к летним перевозкам.


В целях подготовки и повышения квалификации в отделении ГП запланировано обучение вновь назначенных руководителей станций и инженерно-технических работников. Для этого составлена трехдневная программа, в которой примут участие начальники отделов и ведущие инженеры отделения.

По результатам весеннего комиссионного осмотра за хорошую подготовку хозяйств к работе в летний период будут отмечены руководители предприятий.

Фото автора

ХОРГОС БЬЕТ РЕКОРДЫ

Любовь РОВБА,
Астана



Рекордное количество поездов проследовало через Хоргос в первом квартале 2025 года.

Через станцию прошло 2 375 поездов, что на 28,5% больше, чем за тот же период прошлого года. При этом перевезено 3,336 миллиона тонн грузов, рост к первому кварталу 2024-го – на 26%. Это рекордный показатель для первого квартала. Сейчас через Хоргос проходит 87 маршрутов в 18 стран и 46 городов.

В целом количество поездов из Китая в направлении Центральной Азии выросло 25,5% – до 3 582 составов.

ТАКТИЧЕСКИЙ ЗАМЫСЕЛ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



На станции Кушмурун Костанайского региона прошли тактико-специальные учения в организациях железнодорожного транспорта на тему «Условное тушение пожара в спецподвижном составе ПЧ-21 на станции Кушмурун на 17-м тупике».



По тактическому замыслу учений, в результате курения в неустановленных местах произошло возгорание в кабине спецподвижного состава ПЧ-21 на станции Кушмурун.

Оперативно прибывшие на место железнодорожные противопожарные подразделения произвели быструю разведку места ЧС, определили решающее направление для введения сил и средств, боевых участков. И после постановки задач подразделения приступили к локализации и ликвидации возгорания.

Одновременно с разведкой производилась выгрузка и боевое развешивание прибывающих пожарных экипажей. Прокладка ими рукавных линий, установка разветвлений, пожарных стволов, пожарных лестниц, рукавных задержек и инвентаря и т. д. Спустя 30 минут возгорание было полностью ликвидировано. Всего в данной операции принимали участие 32 человека личного состава и четыре единицы техники.

Фото автора

Ұлы Жеңіске – 80 жыл БІР ЖӘДІГЕРДІҢ ТАРИХЫ

Жамбыл жол бөлімшесіндегі музейде Ұлы Отан соғысы жылдарынан қалған жәдігерлер аз емес. Солардың ішінде ертеректе майдангер-машинист әкеп тапсырған неміс танкісінің айнасы келушілердің назарын аудармай қоймайды.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Қабырғаның төрттен бір бөлігінде жауынгерлердің теміржол бойымен кезекті шабуылға шығып бара жатқан сәтінен көрініс беретін үлкен картина банері ілінген. Кіріп келгенде қара түсті бояумен салынған тұтас бір полотно секілді әсер қалдырады. Ал теміржолшылардың майдан даласынан әкелген жол қапшығы, оқ-дәрілердің түр-түрі әйнекпен қапталып, мөрленіп-жабылған екі ұзын середі сақтаулы тұр.

Ұлы Отан соғысында жеңісті жақындатуға теміржол мен теміржолшылардың қосқан үлесі өте зор. Сондықтан Жамбыл жол бөлімшесінің музейіндегі соғыс тақырыбына арналған бұрыш көпшіліктің назарында. ТЧЭ-31 Жамбыл локомотив пайдалану депосында еңбек еткен майдангер-машинист Валентин Филиппович Захаров тапсырған неміс танкісінің айнасы жайлы әңгімені тыңдаушылар қатары да азайған емес. Жауынгердің жол қапшығында жүріп беті әбден сырылған айнаның шетінен «Вермахт»



белгісі әлі өшпеген.

Ұлы Отан соғысы жылдарында фашистердің «Тигр» (Tiger), «Пантера» (Panther) деген танктері туралы білеміз. Деректерде бұл танктер майдан даласына 1943 жылы келе бастағаны жазылған.

Оған дейін Кеңес әскерінің 45 миллиметрлік танкіге қарсы зеңбірегі сенімді қару саналған екен. Қарсы жақтың танкілерін бұйым құрғы көрмей, істен шығарып отырған. Ал майдан даласына «Тигр» мен «Пантера» танкілері келгеннен кейін жарамсыз болып қалған. Міне, бұл – сол немістің атақты «Тигр» танкісінің айнасы екен.




– Кезекті шабуыл кезінде кеңес жауынгерлері жау танкісін істен шығарып олжалаған айнаны өзімен бірге сонша жыл жолқапшығында тасып, елге де ала келген Захаров оны кейін локомотив кабинасына іліп қойып, талай жыл пайдаланған көрінеді. Тек зейнетке кетерде музейге тапсырып кетіпті, – дейді мұражай меңгерушісі Венера Буkenова.

Валентин Филиппович ҰОС-да бронетранспортер, танкке қарсы қолданылатын қарулар ротасының командирі болған. Елге оралған соң ұзақ жыл машинист болып еңбек еткен.

Суреттерді түсірген автор

НАУРЫЗ ДҢА ВСЕХ



ПРОФСОЮЗ

Такого яркого и красочного праздника в микрорайоне Защита давно не было! Поистине, народное шоу организовали в местном парке профсоюз и руководство железнодорожных предприятий в честь весеннего праздника Наурыз.



Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

В парке установили 11 юрт. Особую атмосферу празднику придавали качели – алтыбакан, беркутши, собачи знаменитой казахской породы тазы и верблюды, которые разгуливали во время

торжества среди собравшихся. Животных за уздечки водили «погонщики» – вагонники в узбекских национальных костюмах. А любой желающий мог принять участие в состязаниях по армрестлингу, перетягиванию каната, гиревому спорту. Для большего колорита организаторы ввели и такой вид народной

забавы, как поднятие барашка. – Мы решили организовать такой яркий праздник на Защите, потому что здесь проживает около 12 тысяч человек. Многие железнодорожники здесь родились и выросли, – рассказал заместитель директора Семейского отделения грузовых перевозок Марат Уалиев.

Поздравить своих коллег и жителей Защиты приехали из Семей директор Семейского отделения грузовых перевозок Алмас Сейсемканов и директор Семейского отделения магистральной сети Айдын Шаукееханов. Также они вручили награды, почетные грамоты и благодарственные письма лучшим работникам отрасли. Почетным знаком «Железнодорожная слава» первой степени награжден ветеран труда Александр Степура. Нагрудный знак «Үздік маман» вручен начальнику Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Асхату Елюбаеву.

Председатель Восточно-Казахстанского филиала партии АМАНАТ Сайрангуль Жумадилова вручила награды отличившимся представителям стальной магистрали от акимата ВКО.

Праздник получился просто «вау», говорят жители Защиты.

Фото автора

Спорт

Мамыр айында волейболдан «КТЖ» ҰК» АҚ чемпионаты өтеді. Соған орай сала кәсіподағы Атырау өкілдігінің және спорт нұсқаушыларының ұйымдастыруымен «Қазпрофтранс-2025» іріктеу турнирі өтті.

ІРІКТЕУ ТУРНИРІ ӨТТІ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Спорт нұсқаушысы Ринат Иманғазиевтің айтуынша, оған аймақтарда алдын ала қызу дайындық жұмыстары жүргізіліп, іріктеу турниріне 9 команда қатысты. Олар: Атырау және Мақат локомотив пайдалану деполары, Мақат, Ганюшкино станциялары, Атырау, Ақжайық және Құлсары байланыс дистанциялары, вагон пайдалану депосы, электрмен қамту дистанциясы командалары. Әрине, командалар саны көп болған сайын ойын да тартысты өтеді, босаңсуға мүмкіндік болмайды. Өзіне қарсылас сегіз команданы жеңіп шығу керек. Сондықтан да командалар барын салды. Допты қақпақылдап қолдан қолға өткізіп, қарсылас команда алаңына ұрып, қапы кетпеуге тырысты. Бір жеңіп, бірі жеңіліп, ақырында жеңімпаздар да іріктелді. Бірінші орынды Атырау локомотив пайдалану депосының командасы жеңіп алды. Электрмен қамту дистанциясы 2-орынды иеленсе, Атырау



сигнализация және байланыс дистанциясы 3-орынды місе тұтты. Жеңімпаз командалар кубокпен, диплом және ақшалай сыйлықпен марапатталды. Енді локомотившілер командасы чемпионатта аймақ намысын қорғайтын болады. Турнирдің өтуіне кәсіподақ ұйымы демеушілік көрсетті.

Суретті түсірген автор

ПРОХОДНЫХ ИГР НЕ БЫЛО

В Кокшетау прошел турнир по мини-футболу среди работников железнодорожных предприятий региона, посвященный Дню здоровья.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Астана

В борьбу за главный трофей и победу соревнований вступили девять команд из ТД, ШЧ, ПЧ, ЭЧ, НЖС, ГП, ЛОП, ВЧД и ДС. Участники поделились на три группы, и с каждого тура выходило по одной команде и одна со второго места с хорошим результатом.

В первой полуфинальной игре команда ДС одолела своих коллег из ЭЧ со счетом 6:3, последние ничего не смогли противопоставить слаженной игре соперников.

– Мини-футбол является популярным видом спорта среди наших работников,

поэтому мы всегда будем поддерживать его развитие на железной дороге, – отметил председатель Акмолинского филиала ОО «Казпрофтранс» Хазис Закирин. – Накал состоявшихся первых пединков свидетельствует о том, что предсказать исход первенства невозможно, до последнего розыгрыша мяча игра будет держать в напряжении и участников, и болельщиков.

Второй полуфинал потребовал дополнительной серии пенальти – встреча между игроками ШЧ и ЛОП закончилась со счетом



3:3 в основное время. В итоге исход игры решился после серий пенальти в пользу ШЧ со счетом 5:4. К слову, каждая встреча получилась по-своему очень интересной и динамичной. Ведь накал бескомпромиссной борьбы чувствовался во всех играх. А благодаря острому репликам и горячей поддержке болельщиков удалось создать в этот день атмосферу большого спортивного праздника.

В игре за третье место

стығының төрағасы Аманғос Құлов.

Әрі қарай әрбір әкенің жеке жауапкершілігін түсінуге бағытталған шағын мотивациялық тренинг өткізілді. Қазіргі қоғамдағы әкенің беделін арттыру үшін қарапайым қатынастарды сақтау маңыздылығы айтылды. Отбасылық тәрбиенің практикалық аспектілеріне қатысты көпшіліктің сұрақтарына жауап берілді.

Комиссия құрамындағы аналар өскелең ұрпақты қазақ дәстүрлері мен ұлттық адамгершілік рухында тәрбие-

леудің маңыздылығын атап өтті.

«Мұндай кездесулер пікіралмасуға ғана емес, қоғам мен мемлекеттік құрылымдар арасында жанды диалог құруға көмектеседі. Елдің әр бұрышында тұрақты, қауіпсіз және бақытты отбасыларды қалыптастыру мақсатын көздейді», – деді Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің кадр қызметкері Гүлден Сарқұлтова.

Ардақ ЕРҰБАЕВА,
Ақтөбе
Суретті түсірген автор



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 11 415
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, Р. Рахметова

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,
автомобиль, әуе және су көлігі
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өзгеше басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаяев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:

Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.